

Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.</p> <p>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.</p> <p>Музыка тыңдау. Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату.</p>